Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

26 желтоқсан сейсенбі
№102 (2009)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында: «Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз. Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70%-ға жеткізуіміз керек», – деген болатын.

АСЫРАУШЫ САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ



Ауыл шаруашылығы қашаннан асыраушы сала екені бесенеден белгілі. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы тұрақты дамып отырмаса, мемлекеттің де өркен жаюы неғайбыл. Асыраушы сала саналғандықтан азық-түлік қауіпсіздігі де бар. Егіншінің несібесін еселейтін де, ауыл халқының мерейін үстем ететін де аграрлы сала. Қызылорда – елдегі аграрлы аймақтың бірі. Бұл сөзімізге республиканы күрішпен қамтамасыз етіп отырғанымызды дәлел етсек те болады. Жыл аяқталар тұста Сырдағы ауыл шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстарға тоқталғанды жөн көрдік. Деректі алыстан емес, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Астанада берген брифингінен алғанды құп санадық.

– Ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі саласы. Бұл салаға тартылған инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда 9,4 млрд теңгені құрап, 36,6 пайызға артты. Аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне сай ауыл шаруашылығы саласы толығымен суармалы егіншілікке, оның ішінде күріш егісіне бейімделген. Егін науқанының қорытындысымен әр гектардан 56,5 центнерден өнім алынып, қамбаға 503 мың тонна күріш жиналды. Су тапшылығына қарамастан, күріш өнімділігі бойынша өткен жылғы деңгейді сақтап қалдық, – деді аймақ басшысы.

Тағы бір айта кететін жәйт, облыстың ауыл шаруашылығы саласының экспорттық әлеуеті артып, өткізу нарығы кеңеюде. Соңғы екі жылдың өзінде 84 млн АҚШ долларының өнімі экспортталған. Мамандар экспортталған өнімнің 96 пайызы өңделген өнім екенін алға тартуда. Жаз мезгілінде Қызылордада Сырдария суы төмендеп, дақандарға қиындық туғызып жүргені жасырын емес. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы суды үнемдеу, өзендегі суды тиімді пайдалану болып табылады. Суды үнемдеп пайдалану үшін тамшылатып, жаңбырлатып суару әдістерінің қолдану аясын кеңейтуге басымдық беріліп жатқанын да айта кеткен жөн.

– Осы жылы су үнемдеу технологиясымен 872 гектарға дақылдар егілді. Бұл тенденцияны жыл сайын 1000 гектарға арттырамыз. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында: «Агрогылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет» деген болатын. Аймақта күріштің, өзге де дақылдардың жаңа сорттарын шығарып, өнім сапасын арттыру үшін Ыбырай Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының қызметіне басымдық берудеміз. Жақында Ауыл шаруашылығы ғылым академиясымен агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми және инновациялық дамыту саласындағы ынтымақтастық келісіміне қол қойылды, – деді облыс әкімі.

Жаз мезгілінде Сырдариядағы судың көлемі азайып кететінін атап өттік. Бұл мәселе аймақ жұртын кәдімгідей алаңдатып отыр.

– Су тапшылығы аймақ халқын алаңдатуда. Оны Президентке де жеткізіп, баяндадым. Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірге «Қызылорда облысындағы суармалы жүйелерді қалпына келтірудің жол картасын» әзірледік. Ол бойынша тасқын суды жинақтау, суармалы суды бөлу мен есепке алу процестерін автоматтандыру арқылы ирригациялық инфрақұрылымды қайта құру, жаңғырту шаралары атқарылуда. Суды бөлу мен есепке алудың заманауи жүйелерін енгізу үшін халықаралық компанияларды тарттық, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, соңғы 12 жылда Солтүстік Арал теңізінің суы 6,8 млрд текше метрге азайып кетті. Тұтас өңірдің тағдырына байланысты мәселе Парламентте, Үкіметте үнемі көтерілуде. Өткен жылдан бері 4,6 млрд теңгеге «Көкарал бөгетін сақтап қалу» жобасы іске асырылуда. 2024 жылы зақымданған бөгет қалпына келтіріліп, Қарашалаң көлі арқылы теңізге 2 арна және Тұщы көлі арқылы бір арна қазылады. Мамандар бұл істің нәтижесінде теңізде су айналымы қалыптасып, тұздылығы төмендейді деп отыр.

Аймақтың ауыл шаруашылығы саласында жаңалыққа бетбұрыс байқалады. Алдағы уақытта өнімділігі жоғары, өсу мерзімі қысқа күріштің жаңа сорттарын өндіріске енгізу көзделіп отыр. Ғалымдар бірнеше жаңа сортты сынақтан өткізуде. Нәтижесінде пилоттық жобадағы сорттар 10 центнерден жоғары өнім беріп, 10-15 күн ерте пісті. Келесі жылы да оң көрсеткіш сақталса, 2025 жылдан бастап жаңа сорттар қолданысқа енгізілмек.

Егіс алқабын әртараптандыру алдағы уақытта да жалғасын таппақ. 2025 жылға қарай күріш алқабы 89 мың гектардан 80 мың гектарға дейін қысқартылады. Оның орнына суды аз қажет ететін дақылдардың егіс көлемі 8,7 мың гектарға ұлғайтылады. Атап айтқанда, майлы дақылдар алқабы 13 пайызға, мал азықтық дақылдар алқабы 8 пайызға, картоп, көкөніс, бақша дақылдары алқабы 0,5 пайызға, басқа дәнді дақылдар егісі 21 пайызға артады.

А.АҚЫЛБЕК

«Қазақстан халқына» қоры: СЫРДАҒЫ ИГІЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау бағытында «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қолдау қорын құру туралы тапсырма берген еді. Өз жұмысын сәтті бастаған қордың ұйытқы болуымен біршама жоба қолға алынып, ел игілігіне қажетті дүниелер жүзеге асуда.

Жалпы қордың мақсаты – мемлекеттік қолдау шарасынан тыс қазақстандықтардың нақты мәселелерін шешу болып табылады. Оның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында қайырымдылық, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен халыққа көмек көрсету, еліміздің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде құқық қорғау органдары, арнаулы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, ауыр жараланғандардың және қаза тапқан азаматтардың отбасыларын қолдау және өзге де қайырымдылық көмек көрсету міндеттелген.

2 - БЕТТЕ

Кеше оқушылар сарайында балаларға арналған «Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бақыт» атты мерекелік шара өтті. Салтанатты шараға қала әкімі Асылбек Шәменов қатысып, балаларды жаңа жылмен құттықтады.

БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТҚАН ЖАҢА ЖЫЛ КЕШІ

– Айналайын, бүлдіршіндер! Шаһарымыздың өздеріндей білімді де талапты жастары әлемнің ең озық оқу орындарында білім алуда, спорт саласында биік белестерді бағындырып чемпион атануда, басқа да

үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, Сыр елінің абыройын көтеруде. Сол аға-әпкелеріннен үлгі алып, зерделі де зерек, білімді де білікті болыңдар. Жаңа жыл өздеріңе де, сендерді мәпелеп өсіріп отырған ата-аналарыңа да тек жақсылық әкелсін, – деді қала әкімі.

Жаңа жылдық мереке оқушылар сарайының өнерпаздары әзірлеген қойылымнан басталып, жұмбаққа толы ертегілер мекеніне айналды. Осылайша балалардың көңілін көтеріп қана қоймай, жаңа жылдың басты қонағы Аяз ата мен Ақшақарды шақырды. Жанары қуанышқа толы бүлдіршіндер Аяз ата мен Ақшақарға өз өнерін көрсетіп, сыйлық алды.

Сонымен қатар қала әкімі балаларға арнайы әзірлеген сыйлықтарды табыс етіп, жаңа жылдық тортты үлестірді. Ал бүлдіршіндер мерекелік дастарханнан дәм татты.

Н.АЛТЫН

Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ?

Әкім бұқараның базынасын тамыршыдай тап басып, ел ішіндегі күрмеулі мәселелерді уақытылы атқаруы тиіс. Сонда ғана оған деген елдің ықыласы ерекше болмақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Билік халықпен кері байланыс орнатуы қажет. Ауылдардағы әрбір жұмыс ашық әрі әділетті түрде жасалуы керек», – деп атап өткен болатын.

Қызылорда қаласына қарасты кенттер мен ауылдық округтерде елді елең еткізерлік елеулі жұмыстар аз емес. Ауыл халқы мемлекеттік бағдарлама көмегімен кәсіп ашуға төмен пайызбен несие алу мүмкіндігіне ие болды. Жаңа үлгідегі заманауи құрылыс нысандары бой көтерді. Жергілікті кәсіпкерлер де ауыл тұрғындарына қол ұшын беріп, балабақша, спорт кешендерін, мешіт үйін салып, халықтың батасын алды. «Көгілдір отын» игілігін көріп отырған ауылдар да бар. Ауыл деген аты болмаса сәулеті мен дәулеті, құрылысы мен әлеуеті қаламен деңгейлесіп тұр. Сыр өңірінің сән-салтанатын асырып, қолтығынан демеп тұрған кезінде дәуірлеген атағы бүкіл одаққа жайылған Тасбөгет кентінің бүгінгі келбеті ел қуанарлық. Жылдан жылға көшелері жаңғырып, жаңадан салынған құрылыс нысандары, зәулім үйлер кенттің оң тірлігінен хабар беріп тұр.

3 - БЕТТЕ

«Қазақстан халқына» қоры: СЫРДАҒЫ ИГІЛІК

Жалпы қордың мақсаты – мемлекеттік қолдау шарасынан тыс қазақстандықтардың нақты мәселелерін шешу. Оның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында қайырымдылық, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен халыққа көмек көрсету, еліміздің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде құқық қорғау органдары, арнаулы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, ауыр жараланғандардың және қаза тапқан азаматтардың отбасыларын қолдау және өзге де қайырымдылық көмек көрсету міндеттелген.

«Қазақстан халқына» қоры құрылғаннан бастап өз жұмысын жүйелі жүргізіп келеді деуге болады. Сыр өңірінде де ел игілігіне қажетті жобалар қор тарапынан қолдау тапқан. Соңғы екі жылда аймаққа қор қаржысынан 3,9 млрд теңге қаржы бөлініпті. Әсіресе аймақтың денсаулық саласындағы ілкімді істер, ауқымды жобаларды ерекше атап өтуге болады. Биыл қаладағы құрылыс жұмыстарының белсенді жүргізілгенін жергілікті тұрғындар жақсы біледі. Оның басым бөлігі денсаулық, білім саласында бой көтеріп жатқан нысандар.

Көп жылдан бері көпбейінді облыстық медициналық орталық жанынан құрылған онкологиялық орталық биыл Талсуат елдімекенінде орналасқан жаңа ғимаратқа көшірілген еді. Жаңа нысанға көшкен орталықта ондағы науқастардың сапалы ем қабылдауы үшін барынша жағдай жасау көзделген. Соның бірі ретінде орталықтың заманауи құрал-жабдықтармен қамтылуын айтуға болады. Бүгінде емдеу орталығына онкологиялық скрининг жүргізуге арналған 2 жылжымалы медициналық кешен алынды. Сала мамандары мұндай жабдықтың еліміздің 3 аймағына ғана берілгенін, соның бірі ретінде Сыр өңірінің таңдалғанын айтады. Ал оған қажетті 1,1 млрд теңге «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қорынан бөлінген. Алдағы уақытта орталықтағы емдеу шарасының сапасын арттыру бағытында да біршама жұмыстарды іске асыру жоспарланған. Бұл да қордың қолдау шарасы аясында жүзеге аспақ.

Аймақта қор арқылы шешімін тапқан тағы бір жоба – көпбейінді облыстық балалар ауруханасы жанынан «Қамқорлық» реабилитациялық орталығының ашылуы. Оған қор тарапынан бөлінген 188 млн теңгеге арнайы құрал-жабдықтар алынған. Қазіргі таңда онда 2800-ге жуық балаға оңалту қызметі көрсетілуде.

Сонымен қатар облыстық перинаталдық орталық, Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы көпбейінді аудандық орталық ауруханаларға диагностикалық офтальмоскоп аппаратын алу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қоры арқылы 11,2 млн теңге қаражат бөлінген. Аталған құрылғы өз кезегінде шала туған нәрестелер үшін офтальмологиялық скрининг жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазір ауыл-аймақтағы барлық білім ошақтары білім беру стандартына сай оқушыларға қажетті құрылғылармен жабдықталуы қажет. Заман талабына сай білім ошақтарын керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуде де аталған қордың үлесі зор. Осы орайда қордың қолдауымен

Басы 1-бетте

Аймақта қор арқылы шешімін тапқан тағы бір жоба – көпбейінді облыстық балалар ауруханасы жанынан «Қамқорлық» реабилитациялық орталығының ашылуы. Оған қор тарапынан бөлінген 188 млн теңгеге арнайы құрал-жабдықтар алынған. Қазіргі таңда онда 2800-ге жуық балаға оңалту қызметі көрсетілуде.

Арал, Қармақшы, Жаңақорған ауданындағы 3 мектептің материалдық-техникалық базасы толығымен қайта жаңартылған. Сондай-ақ «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептерінің әлеуетін арттыру» жобасымен аймақтағы бірқатар білім ордасында оқу кабинеттері мен қосымша білім беру шеберлік сыныптары, STEM-лабораториялар, арт-студия мен интеллектум-кабинеттері ашылған. Мектептің акт залдары мен кітапханалары заманауи техникамен жабдықталған, жаңа телестудиялар жасақталған.

«Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қорының қолдауымен жүзеге асқан жұмыстың бір көрінісі – осы. Әлеуметтік сала бойынша қажетті шараларды іске асыруға алдағы уақытта да қордың қолдауына жүгіну жоспарлануда.

А.ӘЛІМ

СЫР МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АНАСЫ

Облыстық «Ана мен бала» перинаталдық орталығында Қаз ССР денсаулық сақтау ісінің үздігі, ҚР еңбек сіңірген дәрігері София Мақашеваның туғанына 100 жыл толуына орай «Сыр медицинасының анасы» тақырыбында ғылыми-танымдық конференция өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, Сенат депутаты Ақмарал Әлназарова, денсаулық саласының ардагерлері мен қызметкерлері қатысты.

Сала майталманының мерейтойына арналған жиында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы оның өмірі мен еңбек жолына тоқталды. Сондай-ақ Сенат депутаты Ақмарал Әлназарова Үкімет басшысының орынбасары Тамара Дүйсенованың құттықтау хатын жеткізді.

– Құрметті Сыр жұртшылығы! Біз өткенін бағалап, ертеңін саралап жүретін халықтың ұрпағымыз. Мұны ұрпақтар сабақтастығын үзбеудің ерекше үрдісі деуге болады. Осы ретте ел әлеуетін жаңғырту жолында ерен еңбегімен есте қалған аға-апаларымыздың есімін жас ұрпаққа дәріптеу азаматтық парызымыз. Ел медицинасында өзіндік ерекше қолтаңбасын қалдырған әрі үлкен ұжымды басқара отырып нәзіктігін жоғалтпай, адамгершілік қағидасын берік ұстанған, Сыр медицинасы тарихындағы белгілі дәрігер София Мақашеваны мақтанышпен айтуға болады. Облыстың денсаулық сақтау басқармасына үздіксіз 30 жыл жетекшілік еткен София Өтегенқызы Сыр медицинасының анасы атанды. Салаға жаңа технологияны енгізе отырып, адами капиталдың дамуына, медицина қызметкерлерін даярлау ісіне зор үлес қосты. Үлкен жүректі қайраткер тұлғаны ұлықтауға қолдау білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлына шынайы ризашылығымды білдіремін. Барша ақ халатты абзал жандарға, сала ардагерлеріне алғысымды айта отырып, өңірде София Өтегенқызының ізін жалғар білікті дәрігерлер көбейе берсін деп тілеймін, – делінген құттықтау хатта.

Сыр өңірінің денсаулық сақтау басқармасын 30 жыл басқарған София Өтегенқызы саланы дамыту жолында аянбай еңбек еткен, есімі елге белгілі тұлға. Оның аймақтағы денсаулық саласына қосқан үлесі бүгінгі буынға үлгі боларлықтай. 1952-1982 жылдар аралығында облыстық денсаулық сақтау басқармасын басқарған София Мақашева аймақтағы ауруханалардың төсек орнын, дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерінің

санын арттырып, медициналық бекет, аурухана салуға, санитарлық автокөлікпен қамтамасыз етуге ықпал еткен. Саланы дамыту жолында атқарған өзге де ерен еңбегі ел аузында.

ҚР еңбек сіңірген дәрігерін ұлықтау шарасында шәкірті, сала ардагері Тұрғанбай Мақанов ұстаз ұлағаты туралы естелігімен бөліссе, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов бүгінгі Сыр медицинасының жайы туралы баяндама жасады. Сонымен қатар жиында қазіргі медицинадағы инновациялар, ана мен бала денсаулығын қорғаудағы өзекті мәселелер де айтылды.

Сыр медицинасының анасын ұлықтау шарасы концерттік бағдарламамен жалғасты. Мұнан соң марқұмның рухына құран бағышталып, арнайы ас берілді. Бұдан бөлек медицина қызметкерлері арасында дәстүрлі спорттық турнир өткізілді.

А.САЙДУЛЛА

Өткен ғасырдың қазақ жұрты үшін оңай болмағаны тарих бетінен белгілі. Голощекиннің ұжымдастыру саясатынан бастап ашаршылық кезеңдер, соғыс жылдары титықтаған елдің хал-ахуалын бастан кешкендер ғана біледі. Десе де қилы да қиын заман сол ғасырда дүние есігін ашқан жандардың қайсар, өжет боп қалыптасуына ықпал еткені де бар. Сондай азаматтың бірі – Балтабай Бимішев.

ЕҢБЕКПЕН ЖЕТІЛГЕН АЗАМАТ

Ол Шиелі ауданына қарасты Төңкеріс ауылында дүниеге келген. Қарапайым шаруа отбасында тәрбиеленген оның өмір жолы да оңай болмады. Балалық шағы, сәбилік кезеңі 1932-1933 жылдардағы ашаршылықпен және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келді.

Балтабай ағаның өзі жазған өмірбаянында әкесі Қалмағамбетов Биміш пен анасы Қалмағамбетова Балбала қарапайым күй кешкен. Ол кісілер қаншалықты қарапайым болса, соншалықты текті, барға таспайтын, жоққа саспайтын не болса да елмен бірге көреміз деген жандар екен. Тарихты білетіндер кейіпкеріміздің өмірге келген уақыты, балалық шағы, одан кейінгі жастық дәурені түгелдей ел басына күн туған қиын кезең екенін аңғарады. Қазақтың жартысынан көбін жалмаған аштық пен «Бәрі де Отан үшін!» деп ұрандатқан соғыстың оңай болмағаны бесенеден белгілі. Аш-жалаңаш адамдар тірі қалудың барлық амалын жасап бағады. Тіпті ел асып, мына басы Қытайға, мына шеті Өзбекстанға, тәжік жеріне, тіпті Түркияға дейін үдере көшті. Ел есін енді жинай бергенде екінші дүниежүзілік соғыс басталып, қару ұстауға жарамды ерлер майданға аттанды. Елде қарттар, әйелдер мен балалар, соғысқа жарамсыздар немесе мемлекеттік маңызды нысандарда еңбек ететіндер ғана қалды. Майдан даласын азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету қарапайым жұрттың еншісіне тиді. Міне, біздің кейіпкеріміз осындай алмағайып шақта сәбилік, балалық кезін өткізді. Өткізді дейміз-ау, қандай балалық шақ? Бала болсаң да үлкендермен бірдей еңбек етуің керек. Соғыс жылдарында өмірге келгендерде балалық шақ болған жоқ деп айтылатыны содан да болар. Балтабай Бимішев көппен бірге бұл күндерді де артта қалдырды.



Мақаламызға арқау болған Балтабай ағаны білетіндер ол кісінің зерек, талапты, жақсылыққа жаны құмар болғанын айтады. Бір өкініштісі, әке-шешеден ерте айырылып, жастай жетім қалған оның өмірі қиындыққа толы еді. Тағдыр талайына қандай қиындық кездессе де қайыспай қарсы тұрды. Мойымады, жетіммін деп берілмеді. Еңбек етіп жүріп жетілді, көпке үлгі болды.

Жасынан зерек, талапты бала 1945 жылы өзі туған ауылдағы жеті жылдық мектепті үздік тәмамдап, 1947 жылы Ташкент қаласындағы индустриалды техникумына оқуға түседі. Оқуды ойдағыдай тәмамдаған соң әскерге шақырылып, Қаратеңіздегі әскери теңіз флотында 5 жыл борышын өтейді. Сол тұста әскери теңіз флотындағы жалғыз қазақ Балтабай Бимішев білімімен, алғырлығымен, талабымен көзге түскен. Солай командирдің көмекшісі (писарь) қызметін де атқарады.

– Әскери теңіз флотында әкем 5 жыл болған. Сол жыл ішінде қоғамдық шараларға қатысып, білімі мен белсенділігімен көзге түскен. Бос уақытында сөзжұмбақ құрастырады екен. Онысы жергілікті басылым беттерінде жарияланып отырған. Әкем сол үшін командирдің алғысын алғанын айтатын. Бүгінде оның құрастырып, басылым бетіне жарияланған сөзжұмбақтарының екеуі ғана сақталыпты. Бір ерекшелігі, сөзжұмбақ үлгісі де, жасырын сөздері де теңіз өмірімен байланыстырылған. Соның бірі – прожектор, екіншісі – маяк бейнесіндегі кеме бөлшегіне арналған. Мұндай дүниені құрастыру үшін де асқан білім керек деп білемін. Әкем есеп-қисаптың адамы еді. Қазіргі Балаби ауылында бас экономист, бас бухгалтер болып қызмет атқарған. Әкемнің талайға үлгі болар адалдыққа толы еңбек жолын, өнегелі өмір өрнегін балаларыма айтып отырамын, – дейді әкесі туралы естелігімен бөліскен ұлы Мейірбек Балтабайұлы.



Әскерден оралған соң Балтабай Бимішұлы Шиелі ауданына келіп еңбек етті. Еңбекте адал азамат қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Соғыстан кейінгі ел экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Қилы кезеңдерден ел еңсесін енді тіктей бастаған тұста ол экономика саласында еңбек етті.

1957 жылы кейіпкеріміз Сырдария ауданының Қаракөл ауылында экономист болып қызмет атқарды. Қызмет барысындағы тынымсыз еңбек, өзі ісіне деген адалдық оны ауылдың бас есепшісінің орынбасары қызметіне дейін өсірді. Ауылды өркендету жолында атқарған еңбегі елеусіз болмады. Қашанда жан-жағына жанашыр азамат халықтың ықыласына бөленген. Қызмет жолында Қаракөл ауылының бас есепшісі, ауылдың жөндеу шеберханасының аға есепшісі дәрежесіне дейін өскен. Бүгінде Алматыда тұратын Темірбек Кемелбаев есімді ақсақал Балтабай ағамыздың ары да, қолы да таза азамат болғанын айтты.

– Балтабай Бимішұлы әке-шешеден ерте айырылып жетімдік тартып, қиындық арқылы шыңдалған азамат. Ізінен ерген бауырларына қамқор болып, өмірде өз орындарын табуы үшін аянбаған. Тіпті оның 1970 жылдардың басында тұрғындар игілігі үшін көше бойынан құдық қаздырып, елдің ықыласына бөленгені бар. Ол ары да, қолы да таза азамат. Бүгінгі көп адам ол кісіден үлгі алуы керек. Әсіресе есеп-қисаптың айналасында жүргендер Балтекең сияқты таза болуы тиіс, – деді Т.Кемелбаев.

Ел еңсесін көтеріп, қиын күндер артта қалған кезеңде Балтабай Бимішевтің еңбегі, қызметіне адалдығы ескеріліп Қазақстанның 30 жылдығы ауылына бас экономист қызметіне тағайындалады, кейіннен бас есепші болып қызмет атқарған.

Бүгінде Балтабай Бимішевтің жасаған әрбір ізгі ісін көзін көргендер үлгі етіп, мақтанышпен айтады. Соның бірі – қаржы саласының ардагері Дайрабай Ысқақов.

– Балтабай Бимішев өте білімді, зерек, есепке жүйрік, сауатты кісі еді. Марқұм кеңестік дәуірдегі мықты бухгалтердің бірі болатын. Өз саласын өте жетік меңгерген. Көп адам Балтекеңнің алғырлығына таңданыспен қарайтын. Ол кісіні өз ауылдарына бухгалтер немесе экономист еткісі келгендер көп еді. Үкіметтің бір тиынына дейін шашау шығарған емес. Оның үстіне кіріс-шығысты күндегісін-күнде есептеп отыруды әдетке айналдырған. Бір сөзбен айтқанда, есеп-қисаптың, экономиканың, бухгалтерияның майын ішкен. Мұндай адамдар сирек болады. Білімін адалдықпен ұштастыратын Балтабай Бимішев сияқтылар көп болса екен, – деді Д.Ысқақов.

Азамат сөзі – жүректің көзі. Кейде жақсы адамды азамат екен деп жатамыз. Мақаламызға арқау болған Балтабай Бимішұлын да жұрт жақсы азамат деп біледі. Оның өнегеге толы өмірі, ғибратқа толы ғұмыры талайға үлгі боларлық.

Айдана СЕЙІЛ

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ?

Түтіні түзу ұшқан Тасбөгет кентінде Сабалақ саяжайы және Иіркөл елді мекенін қоса алғандағы халықтың саны 31299 адамды, отбасы саны 5191-ді құрап отыр.

Қоғам кәсіпкерлікке бет бұрып, шағын және орта бизнес өркен жайған сәтте мұндағы тұрғындар жылдан-жылға өз ісін жүргізіп, қарқынды жобаларды қолға алды. Оның үстіне, қазір кәсіпкерлік саласындағы сауатты ақпараттан құлағдар кәсіп иелері өз мүмкіндігін пайдаланып, мемлекеттік бағдарламаның игілігін көруде. Тіпті кенттің өсіп-өркендеуіне, салық тайқазанының молаюына да сүбелі үлес қосуда.

Соңғы жылдары кентте мемлекеттік бағдарлама аясында субсидиялау бағыты бойынша 9 жоба қаржыландырылған.

Кент әкімінің орынбасары Ж. Байқадамовтың айтуынша, ұлттық жоба аясында қайтарымсыз мемлекеттік грант бағыты бойынша – 60, сондай-ақ аталған бағдарлама аясында 5 млн теңгені құрайтын 1 жоба 5 млн-ға дейінгі мемлекеттік қайтарымсыз грант ұтып алған.

Қызылорда қаласы бойынша кент және ауылдық округ әкімдерінің елді мекендерде кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарған жұмысының қоғамдық рейтингісіне сәйкес Тасбөгет кенті әкімінің аппаратына «Инвестиция тартуда нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін» аталымы табысталған.

Кент аумағында 2 кәсіпкер жалпы ауданы 1000 шаршы метр болатын жылыжай салып, бақша өнімімен қамтамасыз етсе, Сабалақ саяжайында 3 тұрғын өз ауласына 1000 шаршы метр жерге жылыжай салып, егіншілік кәсіппен айналысуда.

Күннен-күнге керегесі кеңіп келе жатқан Тасбөгет кентінің орталық көшелерінің көпшілігі жөндеуден өтіп келеді. Биыл 41 көшеге жөндеу жұмысын жүргізуге облыс және қала бюджетінен 833,7 млн теңге қаржы қаралып отыр. Соның ішінде, Тасбөгет кентіндегі С.Сейфуллин, Ә.Сапарбаев көшесіне асфальт, 21 көшенің белгіленген бөлігі мен Сабалақ саяжайының 18 көшесіне қиыршық тас төселген.

Кенттің дамуына ірі кәсіпкерлер қомақты үлесін қосуда. Жыл басынан бері кент тайқазанына кәсіпкерлер тарапынан 2,6 млрд теңгеден астам инвестиция құйылған. «Фирма «МТО-Центр» ЖШС жалпы құны 1 млрд теңгеге жуық қаржыға 5 қабатты 53 пәтерлі тұрғын үй құрылысын жүргізуде. Мұның өзі баспанасы жоқ кент тұрғындары үшін ақжолтай жаңалық. Өткен жылы кәсіпкерлер демеушілігімен бірнеше нысан құрылысы жүргізіліп, 344 млн теңгенің жұмыстары атқарылыпты.

Кент аумағынан жаңадан облыстық бюджеттен 542,1 млн теңгеге денешынықтыру-сауықтыру кешені салынып, пайдалануға берілді.

Ал Белкөл кенті кезінде теміржол стансасы болған айшықты жылдарымен есте қалды. Ең алғаш көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар осы жерде бой көтерген еді. Бүгінде Белкөл кентінің экономикасын дамытып, салық тайқазанын тасытып отырған 361 шағын кәсіпкерлік нысан бар. Олардың қатарында 2 акционерлік қоғам, 39 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 294 дара кәсіпкерлер, 24 шаруа қожалық, 2 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі бар. Бюджет бүйірін толтырып, белкөлдіктерді жұмыспен қамтып отырған кәсіп иелерінің жұмысы қарқынды.

Сонымен қатар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы құны 5 млн теңгені құрайтын 1 жоба, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында 99,2 млн теңгені құрайтын 9 жоба қолдау тапқан.

Қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округіндегі халық саны 10246 адамды құрайды. «Көгілдір отын» келгелі елді мекенде жылма-жыл қоныстанушылар саны артып келеді. Кәсіпкерлік өркен жайған ауылда өткен жылмен салыстырғанда салық түсімі 2,11 пайызды құрап, жоспар 111,2 пайызға артығымен орындалған.

Ауылдық округте 541 кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Мемлекеттік бағдарлама аясында

87,6 млн теңгеге 21 жоба қолдау тапқан. Атап айтар болсақ, «Өңірлік инвестиция орталығы» микроқаржылық ұйымы арқылы «Іскер» бағдарламасымен 42,1 млн теңгені құрайтын 7 жоба қаржыландырылса, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Іскер» бағдарламасы аясында 10,9 млн теңгені құрайтын 2 жоба қаржыландырылған. Мәселен, «Дильшат» ЖК иесі Асылжан Исмайлов биыл «Іскер» мемлекеттік бағдарламасымен 6 пайызбен 7,5 млн теңге несие алып, жылқы малын бордақылауда. Кәсіпкер көп жылдан бері осы кәсіппен айналысады. «Малдының беті жарық» деп Абай атамыз айтқандай, Асылжанның кәсібі өрге басуда.

Сонымен қатар жеңіл өнеркәсіп саласына сүбелі үлес қосып жүрген «NP- Consultinq» ЖШС басшысы кәсіпкер Ғалым Прекешов 2013 жылдан бері құрылыс саласына қажетті бұйым шығарумен айналысып келеді. Бүгінде өндіріс орны кеңейіп, күніне 500 қорғаушы каскасын шығарады. Мұнымен қоса, кәсіпкер жақында 19 литрлік су бөтелкесіне арналған қақпақша шығаруды қолға алған. Қазіргі таңда шығарған өнімдеріне тұтынушы тарапынан сұраныс артып, барлық өңірге тасымалдануда. Ерекше кәсіп түрін қолға алған ақсуаттықтар жылды берекелі қорытындыламақ.

Қызылжарма ауылдық округі қызу тірлікпен өркен жайып отыр. Кәсіпкерлікке бет бұрған ауылда биылдың өзінде 494 кәсіпкерлік нысан тіркелген.

Жыл басынан «Ауыл Ел бесігі» бағдарламасы аясында жол жөндеуге қомақты қаражат бөлініп, 6 көше орташа жөнделді.Сонымен қатар аталған бағдарлама шеңберінде Абылайхан, Ш.Ибраева көшелеріне жаяу жүргіншілер жолы салынып, М.Жабағыұлы, Арғын көшелері жарықтандырылды.

Ауылдық округтегі тозған электр желісін жаңарту үшін жоба-сметалық құжаты жасалды. Бүгінде ауылда 3 шағын спорт және балалар ойын алаңы болса, биыл Қараөзек ауылындағы Е.Дәуітбаев көшесінен 3 млн 726 мың теңгеге балалар ойын алаңы салынды.

«Қожақ» автомобиль көпірін күрделі жөндеуге жоба-сметалық құжаты әзірленіп, бюджеттік өтінім ұсынылған болатын. Биыл бұл ұсыныс қолдау тауып, 5 млн 212 мың теңге қаражат бөлініп, мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Ауылдық округте ауызсу мен аяқсу мәселесі толық шешілген. «Көгілдір отынмен» қамту мәселесі де күн тәртібінде тұр.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 11 тұрғын 78 млн теңге несие алған. 2445 адамға құтты мекен болған Талсуат ауылдық округі бүгінде мемлекеттік бағдарлама ығілігімен өркендеп дамып келеді.

Әлеуметтік ахуалы жақсарған елді мекенде жұмыссыздар саны азайған.

Қазір тұрғындардың көп бөлігі кәсіпкерлікке иек артып, әлеуетін арттыруда. Арнайы бағдарлама ығілігін де ауыл халқы көруде. Бұл бағытта Талсуат ауылдық округінде 2168 кәсіпкер тіркелген.

Жыл басынан 13 тұрғын жылқы, қой, түйе шаруашылығымен айналысуға, жылыжай өсіруге, жүк тасымалдау жобасына жалпы қаражат 6 пайызбен 77 млн 660 мың теңге несие алған. Мәселен, «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымынан 8 тұрғын 50 млн теңге, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 2 тұрғын 9,9 млн теңге, 2 тұрғын 2760 мың теңге қайтарымсыз грант, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында 1 тұрғын 15 млн теңге иемденіп, кәсібінің нәсібін көруде.

Бүгінде халық саны 8900-ге жетті. Экономикалық белсендісі 6019-ды құраса, жұмыссыздық деңгейі төмендеп келеді. Осы сандардан ауылдың әлеуметтік хал-ахуалын білуге болады. Жұмыссыздық деңгейі төмен болғандықтан салық түсімі де жоғары көрсеткішке жеткен. Жыл басынан бері қайырымдылық, қамқорлық акциясы аясында көпбалалы және жалғыз басты 250-ге жуық отбасына азық-түлік көмегі берілген.

Мұнда мемлекеттік бағдарлама ығілігін көріп отырған тұрғындар саны өсіп келеді. Соның дәлелі 266,1 млн теңгені құрайтын 61 жоба қаржыландырылған. «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында 6,5 шақырымды құрайтын жаяу жүргіншілер жолы салынып, 22 көшенің жолы жөнделіп, 24 көшеге жарық бағаналары мен бағдаршам орнатылған.

Сонымен қатар ауылдық округте жеке кәсіпкер Сұлтанбек Сексенбаев өз қаражаты есебінен 230 млн теңге қаржыға спорт кешенін салуда. Спорт нысаны жыл соңына дейін пайдалануға берілмек.

Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек, Айнакөл және Қараөзек бекеті елді мекендерінде халық саны – 3545. Ауылдық округтегі тіршіліктің негізгі көзі жеке кәсіпкерлік, егін және мал шаруашылығы. Биыл ауылдық округтің бюджеті 436 млн 871 мың теңгені құрады.

Ауылдық округтегі елдің рухани байлығын дамыту мақсатында 1 ауылдық клуб және 1 кітапхана жұмыс істеп тұр. Осы тұста мәдени саланың жетістігін де айрықша атап өтуге болады. Ауылдық клуб қызметкерлері «Дариға домбыра» халықаралық өнер байқауында жүлделі 1 орынды иеленіпті. Ал қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сақтапберген Әлжіковтің 100 жылдығына орай ұйымдастырылған қалалық байқаудан клубтың үйірме мүшесі Ж.Нұрлыбай бас жүлдеге қол жеткізіп, ауылдың абыройын асқақтатқан. Өнерлі ауыл халқына жуырда 150 орындық клуб ғимараты пайдалануға берілмек.

Талсуат та биылғы жылды жемісті қорытындылап отыр. Бұған дейін қанатқақты жобаларды жүзеге асырған талсуаттықтарға жаңа жобалар көп мүмкіндік берді. «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» аясында ауылдағы Ақтөбе көшесіне түнгі жарықтандыру жүргізілмек. Жоба құны 2054 теңгені құрайды.

Осы жоба аясында А.Құнанбаев көшесінде орналасқан балалар ойын алаңын ағымдағы жөндеуге және № 7 көшені түнгі жарықтандыруға 5 млн теңге бөлінбек. Сонымен қатар 5 көшені жарықтандыруға жоба-сметалық құжаты жасалып, оң қорытындысы алынды.

Бұған қоса «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 4 көшеге жаяу жүргінші жолын салуға жоба-сметалық құжаты жасалып, сараптаманың оң қорытындысы алынған. Ауылдық округ аумағындағы әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жаяу жүргінші жолын салу үшін 3058 теңгеге жоба-сметалық құжаты әзірленуде.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – ел экономикасын ілгерілетудің ең негізгі тетігінің бірі. Мемлекет тарапынан жаппай кәсіпкерлікті дамыту мақсатында тиімді мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылуда. Бұл ауылды көркейтіп, әлеуетін арттырып, жұмыссыздықты жоюға оң әсерін бермек.

Бүгінде Қосшыңырау ауылдық округінде 213 шағын кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Биылдың өзінде 13 кәсіп иесі тіркеліп, 14 жаңа жұмыс орны ашылған. Былтырғы жылмен салыстырғанда кәсіптен нәсіп көргендер саны 30 пайызға жоғарылаған. Бұл дегеніңіз заманға қарай бейімделген ауылдықтардың да кәсіпкерлікке бет бұрғанының көрінісі.

«Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы ауыл халқы үшін тиімділігін көрсетуде. Осы бағдарлама аясында Досан ауылындағы №1 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін қаржы бөлінген. Осы елді мекендегі көшелерді орташа жөндеуге облыстық бюджеттен қаржы қаралып отыр. Ал қалалық бюджеттен Абай ауылындағы саябақтың ағымдағы жөндеу жұмысына 5 млн теңге көлемінде қаржы бөлінсе, жол жөндеу мақсатында жобаның сметалық құжатын дайындауға қомақты қаржы қаралған.

Ауыл әкімі Сейдуәли Әбдіқадыровтың айтуынша, Абай ауылындағы сиыр фермасы жер телімінің жол құрылысына, ауызсумен қамту жұмысына жоба-сметалық құжатының сараптамасы дайындалған.

– Досан ауылындағы көшелерге жарық бағанын орнату үшін, Абай ауылына балалар ойын алаңын салу үшін жоба сметалық құжаты дайындалып, сараптама қорытындысы әзірленген. «Дарбас», «Арғын» қорымын қоршау жұмысының жоба-сметалық құжаты дайындалған. Абай ауылындағы Махамбетов пен Шоқатай көшесіне және Досан ауылындағы Д.Елеусінов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін, Абай ауылына кіреберіс жол мен Досан елді мекенінде бірнеше көшеге жарық бағанын орнату үшін жоба-сметалық құжаты әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы сұратылуда. Абай ауылындағы сиыр фермасы жер теліміне ауызсу құбырын жүргізу жобасы жүзеге аспақ. Бұл жобаның құны 81,1 млн теңгені құрайды. Аталған жобаларға қалалық құрылыс бөлімі арқылы облыстық энергетикалық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған, – дейді ауыл әкімі.

Ал Қарауылтөбе ауылдық округ әкімі аппаратының бюджеті 125,953 млн теңгені құрап отыр. Салықтық түсімдер 7 млн 30 мың теңге болса, қазіргі таңда 140 пайызы орындалған.

Округтегі жаңадан қоныстанушы аумақтағы жалпы ұзындығы 8,55 шақырымды құрайтын 14 көшеге 303,241 млн теңге бөлініп, «Ақтоған» ЖШС қиыршық тас төсеу жұмысын жүргізуде.

«Ауыл ел – бесігі» бағдарламасы шеңберінде 25,1 млн тенгеге мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы жеңімпаз болып табылған «Айзон» ЖШС-мен округтегі Желтоқсан көшесіне орташа жөндеу жүргізілді.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, нәтижесінде «Азия Голд Контракшн» ЖШС жеңімпаз болып, 2,211 млн теңгеге жарықтандыру бағанасын орнатуда. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы болып танылған «Элком» ЖШС 2023 жылға ауыспалы негізде округ бойынша 8 дана КТПН, электр желілерін орнату жұмыстарын жүргізуде.

Күре жолдың бойында орналасқан, жүргінші елдің назары ауатын елді мекен Баймұрат батыр атындағы ауыл. Ал округ атауы – Ақжарма, 1979 жылы құрылған. Халқы санаулы Құбас, Қалғандария секілді ауылдар Талдыаралға қосылған. Сол Талдыарал Ақжарманың құрамына кіретін ауылдың үлкені.

Ауыл әкімі Саттар Бейбітұлының айтуынша, қайта түлеген Ақжарма ауылын қала әкімі тоқсан сайын аралап, тұрғындардың ұсыныс-тілектері қандай деңгейде атқарылып жатқаны жөнінде талқылайды. Қаржы тарту уақытында ең өзекті мәселе назарға алынып, тізім жасалады. Осы орайда «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының көмегі зор.

Аталған жоба аясында Баймұрат батыр ауылына дәрігерлік амбулатория салуға жобалау-сметалық құжаты дайындалып, былтырғы жылдың сәуір айында 422 млн теңге қаржы қаралып, мемлекеттік сараптамадан өткен. Осы қаржының 128 млн теңгесі бөлініп, мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес, «Бақ-Береке» ЖШС жеңімпаз болып танылған. Қазір құрылыс жұмысы басталып жатыр.

Газ жүргізуге жоба-сметалық құжатын дайындауға 37,6 млн теңгеге ұсыныс берілген. Осы қаржыдан жоба-сметалық құжатын дайындауға 18,5 млн теңге құрылыс бөлімі арқылы бөлініп, мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес конкурстық хабарлама нәтижесімен «Грант структур инжиниринг» ЖШС жеңімпаз атанды. Қазіргі таңда газ жүргізу жобасы жасалуда.

– Ауылдағы дендропарк қалыпқа келтіріліп, оған 700 дана, мектеп ауласына 400 дана, ауыл әкімдігі ғимаратының ауласына 200 дана көшет егілген. Ұзындығы 2,85 шақырым төрт көшенің үшеуіне жарық бағанын орнатуға «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы сараптама дайындалып, республикалық бюджеттен қаржысы қаралды. Бүгінгі күні мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес хабарлама беріліп, «Ai-Sultan Company» ЖШС жеңімпаз атанды. Бұған қоса Баймұрат батыр мен Талдыарал елді мекендеріне 5 аялдама орнатуға 6,3 млн теңге қаржы қаралды, – деді ауыл әкімі.

Кезінде Сыр салысын өсірумен даңқы шыққан Қарауылтөбе бүгінде үш мыңға жуық адамның құтты қонысы. Жаңа заман лебімен алға адымдаған ауылдың бюджеті де ұлғайған. Салықтық түсімдер 7 млн 30 мың теңгеге жеткен. Бүгінде ол 140 пайызға орындалған.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, нәтижесінде «Азия Голд Контракшн» ЖШС жеңімпаз болып, 2,211 млн теңгеге жарықтандыру бағанасын орнату жұмысын жүргізді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы болып танылған «Элком» ЖШС 2023 жылға ауыспалы негізде округ бойынша электр желісін орнату жұмысын жүргізуде, – дейді ауыл әкімі Еркін Ахетов.

Айта кетейік, табысымен өркен жайған ауылдарда жұмыс қызу жүргізілуде. «Ауыл – ел бесігі бағдарламасының ығілігімен қалаға қарасты ауылдарда экономикалық даму қарқыны байқалады.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ

АЖАРЛАНА ТҮСКЕН АУЫЛ

«Уа, туған жер ыстықсың сен өзгеден, ой мен қырың қалды ма мен кезбеген. Адам түгіл, қарлығаштың өзі де, жылан шыққан ұясынан безбеген» – деп ақын айтқандай, туған жердің торғайы да, тоғайы да, топырағы да ыстық екені әр адамға аян. «Әркімнің туған жері мен тұрған жері Мысыр шаһары» – деп бабаларымыз да осылай бағалаған. Мен қалаға қарасты Қараөзек ауылында өмірге келген едім. Кезінде БАҚ беттерінің біріне «Қараөзек – құтты мекенім» деген тақырыппен өз сезімімді өлеңмен өргенмін. Қазір де:

Киелі Қараөзектің топырағы,
Осында ойлы жандар отыр әлі...
Бұл жерден зиялылар көптеп шыққан,
Елімнің екінші ол Отырары – дегім келді.

Туған ауылымнан тым ерте кетсем де, ол маған өте ыстық, жан дүниеме жақын. Бүгінде бұл ауылда жаны жайсаң жомарт жандар тұрады. Ынтымағы жарасқан іргелі елді мекеннің аралары бір-бірінен ат шаптырым «Айнакөл», «Қараөзек» стансасы және «Қараөзек» ауылы болып орналасқан болса да, тұрмыстары бір жерге тоғысқан, тілектері бір жандар қоныс тепкен.

Туған жерден қол үзбей, ауылға анда-санда барып тұратыным бар.

Ауыл жылдан-жылға көркейіп келеді. Бұл жетістік әрине бірінші ауыл тұрғындарына байланысты болса, екіншіден, сол Қызылөзек ауылдық округінің әкімі Сәкен Әбдіжаппарға да көп байланысты екені белгілі. Білімді де білікті басшының арқасында ауыл реңі ажарлана түскендей. Ауылға кіреберіс «Қожақ» көпірі маңында зәулім билборд орнатылған. Оған сол ауылдан шыққан ардақты азаматтардың суреттері ілініпті. Ауылдық округке қарайтын үш ауылға 4 шағын балаларға арналған спорт-ойын алаңдары салынып, пайдалануға беріліпті. Бірнеше көшелерге асфальт төселген. Көшелердегі электр бағаналарынан түсетін түнгі жарық ауыл ажарын түрлендіріп тұр. Жарық демекші, Қараөзек ауылындағы «Арғын» көшесінен басталатын орталықтан әріректе тұратын тұрғындарға дейін жол салынып, жарық бағаналары орнатылған. Е. Дәуітбаев атындағы көшенің соңына дейін асфальт төселген. Бүгінде қаладан күніне 3 рет қатынайтын жолаушылар автобусы сол аталмыш көшенің соңына дейін барып, жолаушыларды мінгізіп алады. Ауыл тұрғындары бұған дән риза. Қараөзек стансасы мен ауылға дейінгі күре жолдың екі жағындағы көруге кедергі келтіретін тоғайларды жол көлік оқиғасын болдырмау үшін тазартқан. Ауылда кіші кәсіпкерлік те кең қанат жайып келе жатқан көрінеді.

Иә, енді елді тек «көгілдір отын» мәселесі алаңдатуда. Ағайын, ол да болар. Қаржы көзі қарастырылып, шешімін табу үстінде екенін естідік.

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
Зейнеткер

Жерұйық – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қадам басқан қасиетті мекені, талай жанның жұмақ өлкесі. Қайда жүрсек те кіндік қанымыз тамған жерді ұмытуымыз мүмкін емес. Әрбір адамның табан тірер туған жері болады. Туған елге, жерге деген сүйіспеншілік адамды алға жетелеп отырады. Дана халқымыз: «Өз үйім, өлең төсегім», – деп бекер айтпаған ғой. Ал менің елім – қасиетті Қазақстан.

Менің елім – Қазақстан

Ел басына күн туған зар заманда ата-бабаларымыз туған жердің топырағын бір иіскеу үшін айшылық жерден ат терлетіп келген. Әйгілі Бейбарыс бабамыз шетте жүріп, туған елін сағынған шағында әрдайым туған елден алдырған жусанды иіскеп, туған жерге деген сағынышын басқан екен. Сондықтан әрбір азамат қайда жүрсе де жүрегінің түбінде туған жерге деген құрметін сақтау қажет.

Тәуелсіздік жылдарында елге оралған қандастарымыздың атажұртқа қайта оралып, туған жерге ту тігуі елге, жерге деген зор махаббаттың белгісі. Біз алыстан ата жұртын аңсап келген ағайындарға зор құрметпен қарауымыз керек. Біз – тәуелсіз Қазақстанда бақытты өмір сүріп жатқан елміз. Алланың нұрына бөленген бақытты халықтардың біріміз. Әлемде тәуелсіздікке қол жеткізу үшін ғасырлар бойы күресіп келе жатқан халықтар бар. Солардың көпшілігі үшін азаттық таңы қол жетпес үлкен арманға айналып отыр. Әрбір Қазақстан азаматы елдің игілігіне, бірлігіне қызмет етіп, тәуелсіз елдің азаматы екендігімізді зор мақтан тұтуымыз шарт.

Қазыбек би: «Алтын ұяң – Отан қымбат... Туып өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат», – деп туған жердің қасиетін ерекше бағалаған. Сондықтан әрқайсымыз Отанымызды ардақ тұтып, оның тарихын жете білуіміз керек және де жас ұрпақтың бойына ел тарихын, шежіресін сіңіру аға ұрпақтың басты міндеттерінің бірі.

Тарихымызға көз салсақ, осындай ұлан-ғайыр кең дала ата-бабаларымыздың асқан ерлігімен, қанымен жеткен. Отан тарихындағы Абылай хан, Қабанбай батыр, қанжығалы Бөгенбай, Райымбек, Шыңқожа, Боранбай сынды тағы басқа елге қорған болған алып тұлғаларымыздың есімін жас ұрпақ ортасына кеңінен насихаттау керек. Сөзімізді түйіндей келе, туған елдің мәдениеті – оның бірегей болмысының, табиғатпен үндес төл танымының жемісі. Ұлан байтақ өлкені мекендеп, ат үстінде күн кешкен халықтар туған жердің әр пұшпағы үшін жанқиярлықпен күресіп, батырлық рухын бүгінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Бабадан мирас болып қалған бұл құндылықты дәріптеу жас буынды отансүйгіштікке баулудың бірегей бастамасы.

Талғат НҰРҚОЖАҰЛЫ,
№7 Өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғау аға лейтенанты

НЕКЕДЕГІ МӘҺР МӘСЕЛЕСІ

Исламда күйеу жігіттің жарына ақшалай немесе дүние ретінде берілетін сыйлығын «Мәһр» деп атайды. Оның көлемін тек қалыңдық анықтайды. Бүгінде мәһрге не сұрап жүр?

Бүгінде мәһр көлемінен қыздар жарыс ұйымдастыратынын имамдар да жасырмайды. Бірі көлік, бірі үй, бірі құндыз тон сұрап жатады дейді. Тіпті жақында мәһр мәселесіне байланысты әлеуметтік желіні мына бір жайт шулатқан еді. Қалыңдық ер азаматынан Астана қаласынан пәтер алып беруін сұрайды. Жігіт келіседі. Бірақ уақыт өте қалыңдық күйеуінің пәтер әпермегені үшін жиырма млн-дай қаржысын алып, қашып кеткен. Екеудің арасындағы бұл оқиға елді елең етпей қоймады.

Одан кейін ерінен Cobalt көлігін сұраған нәзік жанның қылығы қызу талқыға түсті. Осындай мысалдар көп-ақ. Негізі шариғатта мәһрдің мөлшері, берілуі ережесі қалай?

Наиб имам не деді?

Қайырбек Отызбаев, облыстық «Ақмешіт Сырдария» орталық мешітінің наиб имамы:

– Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қоштасу қажылығында сахабаларға қарап: «Шын мәнінде, әйелдеріңнің сендердің алдарыңда және сендердің әйелдеріңнің алдында тиісті міндеттерің бар», – деп айтқан. Әйелдің ері алдындағы міндеті болғаны секілді ердің де әйел алдындағы өзіндік міндеті бар. Соның бірі – қалыңдық неке рәсімінде күйеуінен мәһр сұрауға құқылы. Яғни ер адамның қалыңдығына мәһр сыйын беруі уәжіп, міндеті болып табылады. Бір сөзбен айтсақ, мәһр – әйел затының неке қияр алдында күйеуінен талап етуге құқылы шариғат белгілеген ақысы.

Алла Тағала қасиетті Құранда: «Үйленетін әйелдеріне мәһрлерін шын көңілден тарту етіңдер...», – деп бұйырады («Ниса» сүресі, 4-аят). Шариғат бойынша мәһр беру – уәжіп. Бірақ ол некенің шартына кірмейді, яғни мәһр берілмей қиылған неке дұрыс болып саналады. Мәһр мөлшері жайлы жазылған пәтуада: «Алайда мәһрдің мөлшерін ер азаматтың материалдық деңгейіне қарап, отбасының әлеуметтік жағдайын ескерген жөн. Өйткені мәһр күйеуді қарызға батыратындай көп немесе қыздың көңілін ренжітетіндей кем болмауы керек», – делінген (fatua.kz/kz сайтында).

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, «Шариғат және пәтуа» бөлімінің маманы Медет Құрмашұлы: «Мәһрдің ең жоғарғы өлшеміне ешқандай шектеу қойылмаған. Алла Тағала «Ниса» сүресінің 20-аятында: «Олардың біріне мол мәһр берген болсаңдар, одан ештеңе де қайтарып алмаңдар», – дейді. Ал мәһрдің ең аз мөлшері – Ханафи мәзһабы бойынша он дирхам. Сахабалар өмір сүрген заманда 10 дирхам бір алтын динарға тең болған. Ал бір динардың салмағы 4,25 граммды құраған. ҚМДБ ғұламалар кеңесінде мәһрдің ең аз мөлшері 4,25 грамм алтынмен есептелетіні жайлы пәтуа қабылданды. Мәһрдің құны осы мөлшерден төмен белгіленген жағдайда, оны сол мөлшерге толтыру керек», – деп жазған болатын «муфтият.кз» сайтына.

Демек, жоғарыдағы пәтуаға және пәтуа маманының сөзіне жүгіне отырып, мына нәрсені айтқымыз келеді. Біріншіден, шариғатта мәһрдің төменгі мөлшері белгіленген. Екіншіден, мәһрдің ең жоғарғы өлшеміне ешқандай шектеу қойылмаған. Қалыңдық ер азаматтың отбасындағы әлеуметтік және материалдық жағдайына қарап, мәһр мөлшерін ескергені жөн. Мәһр сұрау керек екен деп, әлеуметтік жағдайын ескермей, шамасы жетпейтін (мәселен, үй-көлік алып бер деу секілді) дүниені сұраудың соңы отбасындағы түсініспеушілік туғызатын жайдайға әкелуі мүмкін. Сондықтан мәһр мүмкіндікке қарай сұралып, берілгені дұрыс. Қалыңдық қажет болса, жергілікті әдет-ғұрыптан аттамай, мәһр мәселесінде ер азаматтың отбасын ескеріп, оларға салмақ түсірмегені маңызды.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисте: «Үмметімнің әйелдерінің ішіндегі ең жақсысы – мәһрлері аз болғандары», – деп айтқан. Сондықтан ұзатылып жатқан қыз баласы некелесу рәсімінде «мәһр маған тиесілі дүние» екен деп, «не сұрасам да өзім білем» деп күйеуін қиын жағдайға душар етуі дұрыс емес. Ал жағдайы жетіп тұрған ер азамат қыздың көңілін қалдыратындай сарандық танытып, мәһрін тым азайтып, кем беруі дұрыс болмайды. Неке рәсімі кезінде мәһр өлшемі әлеуметтік жағдайына қарай ескерілу керек, – деді найб имам.

«Қымбат зат сұраған қалыңдықтар бар ма?» деген сұрағымызға найб имам былай жауап берді.

– Бүгінгі күні әлеуметтік желіде қалыңдықтың мәһрге қымбат көлік, тұрғын үй сұрап жатқан жағдайларды кезіктіріп жатырмыз. Бұл мәселеде пікір білдірушілердің сыны да айтылып жатыр. Әйтсе де мешітке келіп неке қидыратын жастарымыз мәһр сұрауда ер азаматтың шамасына, мүмкіншілігіне қарап жататыны қуантады. Бірен-саран жастар мәһрдің не екендігін білмей, ер азаматынан үй-көлік сұрағысы келетін қалыңдыққа әуелі түсіндіріп айтамыз. Қалыңдықтан ер азаматынан үй-көлік сұрау себебін сұрағанымызда, «ортақ мүлкіміз болады» деп айтып жатады. Ондай сәтте мәһр не үшін берілетіндігін шариғат аясында былай түсіндіреміз.

Мәһр – қалындықтың жеке мүлкі. Тіпті екі жас ажырасып кеткен жағдайда күйеуі берген мәһрін «қайтып бер» деп дауласуына еш құқығы жоқ. Өйткені ислам мәһрді жаратылысынан әлсіз әрі жаны нәзік әйелдің жеке мүлкі етіп белгілеген. Әйел баласы алған мәһрін жалғыз, қорғансыз қалған жағдайда, яғни жесір қалса, ажырасып кетсе немесе материалдық тұрғыда мұқтаждық көрген жағдайда қажетін өтеуі үшін жаратуы мүмкін. Ал егер бір шаңырақ астында тату ғұмыр кешсе, мәһр ер азаматтың қалыңдығына жасаған сыйы болып қалады. Өзінің игілігіне қолданады деп айтқан кезімізде жағдайды түсініп, қалыңдық күйеуінен шамасына қарай мәһрін сұрап жатады.

Негізі некенің негізгі мақсаты – отау құрған екі жас бір-бірімен түсінісіп, бір шаңырақ астында сыйласып, үлкендерінің ақ батасымен бақытты ғұмыр кешуінде жатса керек, – деді Қайырбек Отызбаев.

Мәһрге не сұрадыңыз?

Қала тұрғындары арасында осындай сауалнама жүргізгенді жөн көрдік. Ең алдымен анамнан бастадым.

«Мәһрсіз-ақ бақыттымыз»

Бұл – анам Зәуре Темірханқызының сөзі. Әкем мен анам 1981 жылдың соңына таяу шаңырақ көтерген. Ал ол кезде мәһр сұрау болмаған.

– Біздің кезімізде молданың алдына барып, неке қию жоқтың қасы еді. Неке сарайына барып тіркелсек болды. Ал мәһр сыйлығы дегенді мүлдем естіген жоқпыз. Қазір ғой, екі жас үйленсе міндетті түрде заң алдында да, шариғат бойынша да некесін қидырады. Жалпы ол дұрыс. Бірақ мәһрге қымбат нәрсе сұрау шектен шыққандық.

Біздің кезімізде де өз қызығымыз бар, әрине. Ақ көйлек киіп, дүркіретіп той жасамасақ та, мәһр сұрамасақ та бақыттымыз, шүкіршілік. Жалпы жаңа түскен қалыңдық мәһр бағасын емес, отбасы бақытын ойлауы керек деп ойлаймын, – деді анам.

«Үй сұрадым»

Кейіпкерім Алмагүл Жомартова үй сұрағанын еш жасырмады.

– Шаңырақ көтергеніме он жылдан асып барады. Осы кездегі жастар секілді біз де неке сарайына, мешітке барып, некемізді қидырдық. Мәһрге үй сұрағаным да рас. Сол кезде молда да, ер азаматым да, бізбен еріп келген жастар да таңдана қарап қалды. «Неге үй?» деп имам сұрады. «Ол үйде тек мен ғана емес, отбасымызбен тұрамыз» деп жауап қайттым.

Күйеуімнің намысы жібермеген болса керек. Келісе кетті. Бірақ ол үйді уақыт өте екеулеп алдық. Жалғыз өзіне салмақ салмадым. Осы кезде ер азаматым қуанады, ол мешітте берген уәдесін орындау үшін тырысты. Нәтижесінде үйлі болдық, – деді Алмагүл.

«Қазан сұрадым»

Ерінің шамасы келсе де мәһр сыйының мөлшерін азайтып сұраған кейіпкеріміз де бар. Негізі бұл қалыңдықтың тектілігін көрсетеді.

Балдырған Мәмен, қала тұрғыны:

– Жыл аяқталар тұста бір-бірімізге, жақындарымызға сыйлық алу науқанын бастап кеттік. Сыйлық таңдап жүріп мына оқиға есіме түсіп кетті. Ер азаматым екеуміз некемізді қидыруға мешітке барғанымызда молда: «Мәһр сыйлығына не алғыңыз келеді?», – деп сұрады.

Күйеуімнің қарындастары: «Бал тәте, бриллиант сұрасай», – деп жатыр. Ішімнен «шайтаным» түртіп, сұрасам ба екен деп қоямын. Сәл уақыт ойланып тұрдым да: «қазан», – деп жауап бердім. Молда қағыс естімедім бе дегендей: «қайталайсыз ба?», – деді таңырқай. Тағы да «қазан», – дедім. Жанымызда отырған достарымыз, туыстар бір сәт үндемей қалды. Молда жолдасыма қарап, «қарныңыз тоқ болса өзге айтқандарым орындалар деп отыр-ау», – деп әзілдеп күліп, батасын берді.

Ер азаматым уәдесінде тұрып, қазан алып берді. Шүкір, содан бері сол қазанға тамақ істейміз. Бұл сыйлықты отбасымыздың берекесі деп білемін, – деді Балдырған. Жалпы кейіпкеріміздің жауаптарына тәнті болдық.

Тілші түйіні

Жоғарыда наиб имам айтып өткендей, Пайғамбарымыз «Әйелдердің ең жақсысы – мәһрі аз болғаны» – деген. Ол қыздың тектілігін көрсетеді, ал өте қымбат сыйлық сұрауда ашкөзділіктің белгісі. Сүйіп қосылған жұбайының шамадан тыс шашылуын болдырмай, сай қылып сұрағаны дұрыс.

Шариғат заңы осы екен деп айды аспаннан бір-ақ шығаратын қаракөздердің көбейгені шынында да қынжылтарлық жайт. Дүние жиюдың емес, шаңыраққа жылу кіргізудің жайын ойласа, сүйіп қосылған жұбайы жарының бар тілегін орындауға асығады емес пе?! Қанағатты ұмытқан адам абырой мен құрметті де жоғалтатынын ұмытпасақ екен.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ
Суреттер ашық дереккөздерден алынды

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3109 Тапсырыс №2037

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ